

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ

ӘОЖ 371.14.25

Қолжазба құқығында

**АНСАБАЕВА АЙНУР ДУЙСЕНОВНА**

**Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының  
өзара әрекеттестігі**

6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:

Отандық ғылыми кеңесші:  
Г.С. Майлыбаева,  
философия докторы (PhD)

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
Л.В. Мардахаев,  
п.ғ.д., профессор

Қазақстан Республикасы,  
Талдықорған, 2024

## МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
АТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	8
КІРІСПЕ.....	9
1 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	19
1.1 Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің зерттелу генезисі.....	19
1.2 Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің ролі.....	42
1.3 Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің мазмұндық-құрылымдық моделі.....	69
2 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	80
2.1 Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттары.....	80
2.2 Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі.....	101
2.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері.....	119
ҚОРЫТЫНДЫ.....	127
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	130
ҚОСЫМШАЛАР.....	140

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертация жұмысын жазу барысында төмендегідей нормативтік-құқықтық құжаттарға сілтеме жасалды:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (08.06.2022 жыл, жаңартылған нұсқасы);

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (01.01.2022 жыл, өзгертілген және толықтырылған нұсқасы);

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы негізіндегі «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы;

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі №3058 «Этникалық-мәдени білім» тұжырымдамасы;

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Бала құқықтары туралы» Заңы (03.05.2022 жыл, жаңартылған нұсқасы);

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV «Неке және отбасы туралы» Кодексі;

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №873 қаулысы негізінде «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы»;

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 «2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат» тұжырымдамасы;

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандағы №726 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы;

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандағы №724 қаулысы негізінде «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы;

ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы/ҚР Үкіметінің №248 2023 жылдың 28 наурыздағы қаулысы/.

ҚР мектепке дейінгі, орта және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы № 249 ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы қаулысы.

## АНЫҚТАМАЛАР

Ғылыми-зерттеу жұмысын әзірлеу барысында төмендегі ғылыми ұғымдар қолданылды:

**Адамгершілік тәрбие** – жеке тұлғаның бойындағы жағымды қасиеттерін, бір-біріне, отбасына, туған жеріне, өскен еліне деген көзқарасын, пікірін анықтайтын мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға бағытталған тәрбие жүйесі.

**Ата-аналар комитеті** – оқу-тәрбие және оқушыларға қатысты мәселелерді шешуде көмек көрсететін мектептегі өзін-өзі басқару органы.

**Әлеуметтендіру** (латын. «socialis» – қоғамдық) – қоғам мәдениетін меңгеру барысында тұтас өмір кезеңіндегі адамның дамуы мен жетілуі, адамның қазіргі уақытта әлеуметтік ортаға адами құндылықтар мен мінез-құлық түрлерін меңгеруі және оның әлеуметтік байланыстар мен тәжірибені қайталауы. Алғаш бұл ұғымды 1887 жылы америкалық ғалым Ф.Г.Гиддин қолданған.

**Бақылау әдістері** – оқу мен тәрбиенің жетістігі, тұлға туралы мағлұмат алу мақсатындағы мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын диагностикалау жүйесі.

**Балаларды қорғау** – балаларды әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қорғаудың халықаралық және мемлекеттік жүйелері. Балаларды қорғаудың халықаралық күні 1949 жылы қарашада Әйелдердің халықаралық демократия федерациясы кеңесінің сессиясында қабылданған. 1950 жылдан бастап 1 маусым «Дүниежүзілік балаларды қорғау» күні болып атап өтіледі.

**Бауырмалдық** – адам бойындағы туысқандық, ағайыншылық қарым-қатынасқа адалдықты білдіретін ұғым. Бауырмалдық – туыс адамдардың арасындағы жақсы көру сезімін, бір-біріне деген мейірімділігін, жанашырлығын, қамқорлығын білдіретін құнды қасиет.

**«Вальдорф педагогикасы»** – адамның дамуын физикалық, рухани және сезімдік факторлардың өзара әрекетінің тұтастығы деп қарастыратын антропософтық интерпретацияға негізделген тәрбиенің және оқытудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Вальдорф педагогикасының әдіснамасы мен дидактикасын Р.Штайнер жасады. Оның негізгі міндеттері рухани еркін адамды тәрбиелеу және адамның табиғи нышандарын барынша дамыту болып табылады.

**Гимназия** – жалпы білім беретін оқу орны. Оқушылардың бейімділігіне сәйкес тереңдетіп, сала бойынша білім бағдарламаларын жүзеге асырады. Бұл термин ертедегі Афиныда қолданылған. Ең алғаш 1538 жылы Франциядағы Страсбургте ашылған мектеп осылай аталған.

**Гуманистік педагогика** – тәрбиеленушіні өз мүмкіндігінде дамытатын, оқу-тәрбие процесінің белсенді, тең қатысушы ролінде бекіткен ғылыми теориялар жемісі.

**Ғұрып** – ежелден орныққан әдеттік ұстанымдар мен нормалардың, ырымдар мен тыйымдардың социумдық қажеттіліктерге байланысты дағдылы қалыппен және ретпен атқарылатын ұжымдық іс-әрекет арқылы көрініс беруі.

**Даму** – жетілудің нәтижесі мен құрылымның қайта өзгеруіне байланысты және мұрат тұтатын объектілер қалыптастыруға заңды түбегейлі сандық, сапалық бағытталған өзгерістер.

**Дүниетаным** – объективті дүниеге, адамның өзін қоршаған шындыққа және өзіне қатынасы туралы көзқарастар жүйесі, сонымен қатар осы көзқарастарға тәуелді адамдардың өмірлік позициясы, олардың сенімдері, мұраттары, танымдық және іс-әрекет принциптері, құндылық бағдарлары.

**Ерік** – тұлғаның қиындықтарды жеңуді талап ететін мақсатты әрекеттер мен қылықтарды жүзеге асыру қабілетінен көрінетін сананың реттегіштік құбылысы. Еріктің қасиеттері: мақсатқа ұмтылушылық, батылдық, табандылық, ұстамдылық, дербестік.

**Жазалау** – педагогикалық ұғым ретінде жеке тұлғаны немесе топты тәрбиелеу әдісі. Түрлері: мұғалімнің ескертуі, тәртіпке шақыру, шара қолдану.

**Жаттықтыру** – тұлғаның немесе топтың қажетті икемділіктерін қалыптастырудың біртұтас әдісі.

**Жауапкершілік** – адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиеті болып табылады. Тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі.

**Жеке тұлғалық** – тұлғаның ықпалдастық қасиеті оны қайталанбайтын, ерекшелендіретін жеке дара психикалық қасиеттерінің жиынтығы.

**Жеті ата** – қазақ халқының салт-дәстүріндегі адамның ата тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап санағанда әкесі, атасы, арғы аталарының есімдерін жеті атаға дейін білуі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары деп саналады.

**Зиялылық** (лат. «*intelligentis*») – білетін, түсінетін, парасатты) – тұлғаның мәдениетке, парасатқа түсінуге ден қоюшылығынан, мәдениеттің құндылығы мен қажеттілігін түйсінуінен көрінетін қасиеті.

**Интернат** (лат. «*internus*» – ішкі) – 1) мектептер мен лицейлер жанындағы жатақхана; 2) жабық оқу орны. Интернатта тәрбиешілер мектеп басшылары бекітіп берген жоспар бойынша оқу-тәрбие жұмысын жүргізеді.

**Каникул** (лат. «*canicalares*» – жылдың мейлінше ыстық күндері) – оқу жылы бойында білім беру орындарында өтетін сабақтар арасындағы демалыстар.

**Қайырымдылық** – тұлғаның ізгілік қасиеттерінің бірі. Сонымен қатар айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін және адамгершілік қарым-қатынасын білдіреді.

**Қалыптастыру эксперименті** – педагог-зерттеушінің тұтас педагогикалық процестің мазмұнын, ұйымдастыру формаларын, принциптері мен әдістерін құруға бағытталған зерттеу жолы.

**Мейірімділік** – адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет, т.б. қасиеттерге негізделген.

**Мектеп** (араб. «مكتاب» – жазатын орын) – 1) Алғашында мұсылмандардың оқу орны; 2) Қазіргі кезде жас ұрпаққа тәрбие мен білім беретін мекеме. Білім беру жүйесінің бастауыш, негізгі, орта кезеңдері бойынша жүзеге асырылады.

**Мектеп режимі** – мектепте балалардың оқу еңбегі мен демалысының әртүрлі алмасу реті мен байланыс сипаты. Мектеп режимі – оқу мен тәрбиенің табысты дайындығының, оқушылардың денесінің дұрыс дамуының маңызды шарттары мен құралдарының бірі.

**Мектептану** – білім беру ісін ұйымдастырудың және басқарудың, соның ішінде мектепшілік басқарудың мәселелерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы.

**Мектептің тәрбие жұмысының жүйесі** – қазіргі жағдайдағы тәрбие мақсатының педагогикалық ұстанымдарға лайықты реттелген өзара бір-бірімен байланысқан сабақтан тыс іс-шаралары.

**Мектептен тыс жұмыс** – мектептен тыс мекемелерде оқушылардың жан-жақты мәдени қызығушылықтары мен сұраныстарын қанағаттандыру, олардың дербестігі мен шығармашылық қабілетін дамыту, бос уақытын саналы ұйымдастыру мақсатында жүргізілетін білім беру жұмысы және тәрбие сағаттары, мәдени-ағарту шаралары.

**Мектеп пен отбасының өзара әрекетестігі** – бұл оқушының отбасы мен мектептің қатынастарын, іс-әрекетін, мінез-құлқын ізгілік бағытта байланыстыратын тәрбие құрылымы.

**Модель** (лат. «modulus» – өлшеуіш, өлшем, үлгі, норма) – нысан және оған қатысты мәндерді көрсететін көрнекі құралдардың бірі (шартты бейне, сызба және т.б.)

**Мотив** (франц. «motio» – түрткі, қозғаушы, себеп) – адамның объективті сұранысы мен ынтасын бейнелейтін әрекетіне ішкі талаптануы. Демек, сұраныс пен ынта мотивация негізі болады. Мотивация түрлері: тікелей және перспективті талаптану, танымдық, әлеуметтік, т.б.

**Отансүйгіштік тәрбие** – халық дәстүрлері негізінде тұлғаның бойына жинақталған ерекше белгісі. Ол әрбір адамның бойында белгілі бір қасиетке ие. Осы қасиеттер жиынтығы арқылы ғана әрбір тұлға өз Отанының патриоты болады.

**Отбасы** – туысқандық байланыста болатын (күйеуі, әйелі, ата-анасы, бауырлары т.б.) бірлесіп әлеуметтік-тұрмыстық өмір сүретін адамдар. Мынадай функциялар жүзеге асырылады: репродуктивтік, яғни дүниеге бала әкелу; тәрбиелеушілік, ізгілік, адамгершілік, діни, т.б. қызметтер.

**Отбасындағы тәрбие** – қажетті нәтижеге жету мақсатындағы ата-ана мен отбасының басқа мүшелерінің балаларға әсер етуінің ізгілік қағидасы. Отбасы тәрбиесінің мазмұны демократиялық қоғамның басты мақсатымен анықтала тын

тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Отбасында балаға барлық тәрбие негізі беріледі.

**Өнеге** – ұлағатты адамдардың балаларға көрсеткен үлгісі, айтқан насихаты.

**Педагогикалық консилиум** – эксперттік бақылаудың түрі, ол белгілі бір бағдарлама және оқушылардың тәртібін, білімі мен тәрбиесін ұжымдық талқылау. Баланың қалыптасуында кемшіліктерді анықтап, оны жоюдың тетіктері арқылы ұжымдық пікір алмасу болып табылады.

**Рефлексия** (лат. «reflexio» – өткенге жүгіну) – көп ғасырлық тарихы бар пәнаралық ұғым, субъектінің назарын өзіне, атап айтқанда, өз белсенділігінің мүмкіндігіне аудару.

**Синтез** (грек. «syntes» – біріктіру, құрау, үйлестіру) – 1) анализдің көмегімен бөліктерді, қасиеттерді, қатынастарды ойша тұтас нәрселерге біріктіру; 2) бөлшектерді, белгілерді біріктіру, топтау, бүтінді құрау.

**Тәрбие** – 1) әлеуметтік мағынасында – өскелең ұрпақты өмірге дайындау бойынша барлық әлеуметтік құрылымдардың, яғни қоғамдық институттар, діни ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдени ұйымдардың отбасымен орындайтын қоғамдық функциясы; 2) педагогикалық мағынасында – тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілер арасындағы арнайы ұйымдастырылған және басқарылатын қарым-қатынас процесі, оның барысында қоғамдық-тарихи тәжірибе жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру мен оларды қоғамдық өмір мен өнімді еңбекке үйрету мақсатында жүзеге асырылады.

**Ұлттық тәрбие** – жалпыадамзаттық тәрбиені ұлттық бірлікте ұштастыратын азаматтарды, ұлт мүшелерін қалыптастыру: мәдениет, діл, салт-дәстүр және тілді құрметтеу және қастерлеу.

**Халық педагогикасы** – белгілі бір этностың өз ұрпағына мұра қалдырған және тәжірибе жүзінде жинақталған тәрбие қағидалары мен өмір сүру дағдыларының жиынтығы.

**Ырым** – тұлғаның жақсылыққа құштарлықпен жасалған әрекеті. Ырым тәрбиелік мәні зор болып табылатын арман-тілектерден тұрады. Мысалы, нәрестенің кіндігін жаны жақсы адамға кестіру, баланың тұсауын жолы болғыш адамға кестіру, т.б.

**Эмпирикалық зерттеу** – эмпирикалық әдістің көмегімен педагогикалық проблемаларды шешуге бағытталған зерттеу (бақылау, сұхбаттасу, құжаттарды зерттеу, озық педагогикалық тәжірибені талдау, т.б.).

## **АТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

БТ – бақылау тобы  
БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы  
ЖАОК – Жаппай ашық онлайн курсы  
КОКП – Кеңес Одағының Коммунистік Партиясы  
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы  
ҚР – Қазақстан Республикасы  
ҚР ҒЖЖБ – Қазақстан Ғылым және жоғары білім  
ЭТ – эксперименттік топ



## КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейтестілігі.** Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында рухани, әлеуметтік, мәдени жаңаруға негізделген дамуға бағытталған тұста тұлғаны тәрбиелеуде мектеп пен отбасының әрекеттестігі қоғамдық мәні зор проблемалардың бірі болып табылады. Сондықтан да елдің рухани жаңару саласындағы үлкен өзгерістер мен өркениеттік алғышарттар ғылым саласы үшін және отбасындағы тәрбиенің маңызды әлеуеті артып келеді. Мұның бәрі де мемлекетімізде потенциалды ұрпақ тәрбиелеудің жемісі болып табылады. Ондай тұлғаларды тәрбиелеуде сөйлеу мәдениеті, жүріс-тұрысы, сыртқы сипаты мен мінез-құлқы, инабатты болуымен сипатталады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында: «Біз әр шешімді мұқият саралап, әр істі байыппен жасауға тиіспіз. Отаншылдық рухы жоғары ел көздеген мақсатына жетеді. Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі», - деп келтіреді [1]. Демек, мемлекеттің негізін құрайтын әрбір отбасы аталған Жолдаудың мәнін бағалап, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу керектігіне ерекше тоқталған.

«ҚР Білім беру заңында» ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер «баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға, ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға, білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға, өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері жөнінде психологиялық-педагогикалық консультациялық көмек алуға құқығы бар», «балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде білім беру ұйымдарына жәрдем көрсетуге, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті», - делінген [2].

«ҚР мектепке дейінгі, орта, кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарына бағытталған тұжырымдамада «Жас ұрпақты тәрбиелеу ата-ана, педагог және әлеуметтік қоғамның басты мақсаты болып саналады. Мемлекеттің басты міндеті – жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілігін, ата-баба дәстүрі мен әдет-ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеу отбасынан басталып, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда отбасы мен білім беру мекемелерінің әлеуметтік қоғамдағы серіктестігіне айналады», - деп көрсетілген [3]. Бұл өз кезегінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің маңыздылығын аша түседі. Сонымен бірге, «Мектеп – бала – ата-ана» үштігі қағидасы негізінде мектеп пен отбасының арасындағы тығыз қарым-қатынасқа және адамзаттық құндылықтарға негізделген бастауыш сынып оқушыларына тәрбиелеу мен оқыту жүйесін үйлесімді қалыптастыруда

мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің нақты қадамдарын айқын көрсетті.

Бүгінгі күннің әлеуметтік-мәдени жаңғыру жағдайына байланысты, ондағы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде мектеп пен отбасының әрекеттестігі туралы зерттеудің психологиялық, философиялық, педагогикалық, әлеуметтік маңызы зор болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың нысанасына сәйкес, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің психологиялық және әлеуметтік негізі туралы Л.С. Выготский [4], И.С. Кон [5], әлеуметтік педагогикалық бағытта Н.И. Болдырев [6], Р.Г. Гурова [7], Р.М. Капралова [8], А.А. Калюжный [9], Л.В. Мардахаев [10], В.П. Созонов [11], В.С. Кукушкин [12], М.П. Кабакова [13], т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері мен ой-тұжырымдарында көрініс табады.

Сонымен қатар, мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы осы проблеманы әртүрлі аспектіде зерттеген *шетелдік ғалымдар*, соның ішінде фин ғалымдары Tiina Perita, Onatsu-Arviolommi [14], қытай ғалымдары Zhonglu Li, Zeqi Qiu [15], швед ғалымдары Joacim Ramberg, Sara Brodin Laftman, Emma Fransson, Bitte Modin [16], т.б. еңбектерінде жан-жақты мағлұмат беріледі.

*Қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясында* отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігіндегі тұлға тәрбиесі проблемасы С. Қалиев [17], Қ. Жарықбаев [18], Қ.Б. Сейталиев [19], Ж.Ж. Наурызбаев [20], С.А. Ұзақбаева [21], К.Ж. Қожахметова [22], Қ. Бөлеев [23], К. Оразбекова [24], Р.Қ. Дүйсенбінова [25], С. Ғаббасов [26], Қ.Т. Атемова [27] т.б. зерттеу жұмыстарының нысанасы болды.

Бұл саладағы ғылыми зерттеулерге талдау барысында көптеген құнды идеялардың маңызына тоқталамыз. Бұл мәселені Г.К. Байдельдинова [28], Ш.М. Майғаранова [29], А.А. Жумадуллаева [30], Б.Қ. Өтешова [31], С.С. Қоңырбаева [32], А.А. Шарафадин [33], Ш.М. Шүйіншина [34], А.Т. Туралбаева [35], т.б. ғалымдар өз еңбектерінде әр бағытта қарастырып, талдаған.

Отбасы тәрбиесі мен мектептің өзара байланысы арқылы оқушыларға *халық тағылымында* тәрбие беру мәселесін Л.С. Сырымбетова [36], А.Е. Дайрабаева [37], А.Ә. Капенова [38], Ә. Сәдуақасов [39], Р.М. Айтжанова [40], Л.Н. Ибраймова [41], Г.С. Майлыбаева [42] және т.б. қарастырды.

Зерттеулердің барлық құндылығына қарамастан, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі мәселесі толық қарастырылмаған.

Қазіргі жағдайда отбасылық тәрбие дағдарысы мектеп үшін балалармен педагогикалық жұмыстың күрделенуіне ғана емес, ата-аналармен жұмыстың күрделенуіне де әсер етеді. Экономикалық реформалар нәтижесінде отбасы қалыпты емес педагогикалық-тәрбие жағдайына тап болды. Көптеген ата-аналардың баланы тәрбиелеу мен жеке дамыту мәселелерін шешуден өзін-өзі алшақтату үрдісі күшейе түсті. Баланың жас және жеке даму ерекшеліктері туралы жеткілікті дәрежеде білімі жоқ ата-аналар кейде соқыр, интуитивті

тәрбиені жүзеге асырады, бұл оң нәтиже бермейді. Мұндай отбасыларда ата-аналар мен балалар арасында берік тұлғааралық байланыстар жоқ, соның салдарынан сыртқы, көбінесе теріс орта беделге ие болады, бұл баланың отбасының әсерінен шығуына әкеп соғады. Сонымен қатар, қазіргі таңда көптеген отбасылар экономикалық ахуалдар шешумен, күнгөріс мәселелерімен айналысып, кейде баланың тұлғалық қалыптасуы мен тәрбиелік сұрақтарды шешуден бас тартады.

Осындай мектеп пен отбасының құрылымды емес қатынастары, олардың іс-әрекеттерінің бағыты балалық шақтың қазіргі проблемаларын шиеленістіреді және екі институттың бірлескен өзара іс-әрекетіне жаңа қадамдарды талап етеді. Мектеп пен отбасының өзара бірлескен іс-әрекетін ұйымдастырудың қазіргі тәсілдері отбасының субъектілігін дамытуға, оның әлеуетін ашуға әлсіз бағытталған, бұл ретте білім беруді жаңғырту жөніндегі тұлғаны әлеуметтенумен қарым-қатынасының жаңа жүйесін қалыптастыру негізгі міндеттердің бірі ретінде қарастырылады. Мұның бәрі де баланың отбасындағы тәрбиесін барынша мектептегі тәрбиемен үйлесімді жүргізуімен сипатталады. Сондықтан да мектептің педагогикалық ұжымының алдында отбасындағы тәрбиенің мәнін бағалап, ата-аналармен бірлесіп жұмыс жасау қажеттілігі туындайды.

Отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігінің негізгі проблемаларының бірі – олардың отбасындағы ізгілік қатынастары мен мектептің тәрбиелік жүйесінің сәйкес келмеуі және практикалық іс-қимылдарға байланысты механизмдердің жеткілікті түрде қолданылмауы. Аталған практикалық іс-әрекеттерге араласу үрдісінде отбасы мен мектептің бала тәрбиесіндегі орны айқындалады. Осылардың бәрі мынадай *қайшылықтардың* бар екендігін көрсетті:

- бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне қоғамның объективті сұранысы мен бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне педагогтардың даярлығының жеткіліксіздігі арасында;

- бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі іс жүзінде ескерілмей келе жатқаны;

- бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы ғылыми-теориялық және педагогикалық-практикалық материалдардың зерттелмеуі.

Аталған қайшылықтарды шешу мақсатында біз зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «**Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі**» деп таңдадық.

**Зерттеу нысаны** – орта мектептегі бастауыш сыныптың оқу-тәрбие үрдісі.

**Зерттеу пәні** – бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі.

**Зерттеудің мақсаты** – Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуді теориялық негіздеп, әдістемесін әзірлеу және эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** *егер*, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің теориялық негіздері айқындалса, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде құрылымдық-мазмұндық моделі құрылып, әдістемесі әзірленсе, *онда* отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі нәтижелі болып, қоғамдағы тәрбие үрдісіндегі кедергілердің азаюына септігін тигізеді, *өйткені* бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісі қоғам талаптарына сай сәйкестендіріледі.

**Зерттеудің міндеттері:**

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін теориялық тұрғыда негіздеу, ғылыми генезисін зерделеу;

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу;

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттарын негіздеу.

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесін дайындау және оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеріп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің нәтижесінде тәрбиелі бала қалыптастыру оқу-тәрбие үрдісінің деңгейі тиімділігінің негізі ретінде қарастырылады.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері.** Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық проблемалары төмендегі ғылыми-теориялар мен тұжырымдамаларда ұсынылады:

*Философиялық деңгейде:*

Жүйелілік тәсіл теориясы (В.Г. Афанасьев, Т.А. Ильина, В.Д. Шадриков, Э.Г. Юдин, Р. Акофф, т.б.);

Қазіргі кезде тұлғаны тәрбиелеудің гуманистік теориясы (А.Г. Асмолов, Р. Берне, М.Н. Берулава, В. Франки, т.б.);

Аксиологиялық көзқарас пен құндылық бағдар теориясы (В.М. Геницианский, В. Степин, Н.С. Розов, т.б.);

*Жалпы ғылыми деңгейде:*

Әлеуметтік көзқарас теориясы (Д. Майерс, Г. Олпорт, М. Рокич, т.б.);

Педагогикалық қызмет теориясы (В.В. Краевский, В.А. Слостенин, т.б.);

**Зерттеу әдістері:**

- **Теориялық:** зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау; жалпы білім беретін мектептердің озат тәжірибелерін жинақтау, салыстыру, ғылыми мәліметтерді талдау және қорыту;

- **Эмпирикалық:** жалпы білім беретін мектептердің құжаттарын қарау және талдау; педагогикалық бақылау жасау; сауалнама жүргізу, сұрау, тестілеу, әңгіме, диагностикалық бақылау жүргізу; эксперименттік мәліметтерді жүйелеу және түсіндіру; зерттеу нәтижелерін талдау әдістері.

**Зерттеуді ұйымдастыру және оның негізгі кезеңдері.**

Бірінші кезеңде (2018-2019 жж.) ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы таңдалып, нақтыланды. Зерттеу жұмысының пәнін айқындауға байланысты бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы әдебиеттер жинақталды. Бұл кезеңде зерттеу мәселесіне қатысты материалдар талданып, жүйеленіп, зерделенді. Зерттеу жұмысының негізгі қағидаларының теориялық негізі айқындалып, жинақталған материалдар аясында педагогикалық тәжірибе жұмысының жоспары, оны жүзеге асыру әдістері белгіленді.

Екінші кезеңде (2019-2020 жж.) бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы жинақталған теориялық, практикалық және деректік материалдарға жүйелі ғылыми талдау жасалып, сұрыпталды, зерттеу жұмысына арналған жоспар құрылып, нақтыланды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жалғастырылып, педагогикалық-зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері, өткізу әдістері тексеріліп, жүзеге асыру реттілігі белгіленді. Зерттеу базасы болып табылатын Талдықорған қаласының мектептерінің бастауыш сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған сауалнамалар, тест сұрақтары, бақылау тапсырмалары, т.б. әзірленіп, эксперимент жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2020-2023 жж.) диссертацияға жинақталған материалдар мен эксперимент барысында қорытындылар жасалды. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне арналған педагогикалық тәжірибелер сараланып, жүйеге келтірілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бойынша алынған нәтижелер талданып, қорытынды жасалды. Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері математикалық-статистикалық тұрғыдан өңделіп, эксперимент жұмыстары нақтыланды.

**Зерттеу базасы:** Талдықорған қаласындағы №12 орта мектеп-гимназиясы, №4 орта мектебі, №17 орта мектебі және №21 орта мектеп оқушылары мен ата-аналары қатысты. Жалпы эксперимент жұмысына 205 оқушы, 125 ата-ана қамтылды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:**

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі теориялық тұрғыда негізделді, ғылыми генезисі зерделенді;

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді;

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттары негізделді.

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі дайындалды және оның тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

#### **Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:**

- «Өнегелі ұрпақ» клубы және «Ұлағат» атты арнайы курс әзірленді, «Мектеп» сайтына «Ата-аналар мектебі» қосымшасы құрылды және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді.

- «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғылыми кеңесі ұсынған *оқу құралы* дайындалып (29.03.2022 ж. №8 хаттама), ISBN 978-601-216-809-9, тәжірибеге ендіріліп, *ендіру актісі* және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы *авторлық куәлік алынды* (04.05.2022, № 25786);

- «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында *электронды оқу құралы* дайындалып, тәжірибеге ендіріліп, *ендіру актісі* және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы *авторлық куәлік алынды* (04.05.2022, № 25859);

- 2023-2024 оқу жылында «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің оқу бағдарламасына «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» *пәні енгізілді* (<https://prepod.zhetysu.edu.kz:3008/spw/1/143966/32203>).

- 2023-2024 оқу жылында «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні бойынша *жаппай ашық онлайн курс әзірленіп*, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы *авторлық куәлік алынды* (26.01.2024, №42385), І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің сайтына жүктелді және тәжірибеге енуде.

(<https://www.youtube.com/watch?v=SM1fDUfXvsA&list=PLRo3PSP-N1ereGPczA7zI25PXEEWofRzK&pp=iAQB>)

- Зерттеу нәтижелерін бастауыш, орта және жоғары білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

#### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі педагогикалық жүйе элементтері арасында байланыс орнату: ақпараттық (ақпарат алмасу), ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік (бірлескен іс-әрекет әдістері), коммуникативті байланыс (қарым-қатынас), басқару және өзін-өзі басқару байланысына негізделеді.

- мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі - оқушының отбасы мен мектептің қатынастарын, іс-әрекетін, мінез-құлқын ізгілік бағытта байланыстыратын тәрбие құрылымы болып нақтыланады.

- бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің мазмұны мазмұндық-құрылымдық моделі

негізінде түсініліп, танылады. Өлшемдері (бастауыш сынып оқушыларының «бауырмалдық», «қайырымдылық», «ізгілік», т.б. ұғымдарын игеруі, отбасы мен мектепте алған өнегесінің қажеттілігін түсінуі, отбасында және қоғамдық ортада қайырымдылық іс жасауға тәрбиеленуі) мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төменгі, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асырылады.

- бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі әдістемесінің тиімділігі («Өнегелі ұрпақ» клубы және «Ұлағат» атты арнайы курс бағдарламасы, «Ата-аналар мектебі» сайты) және тәжірибелік-эксперимент нәтижелері, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

### **Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу:**

Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары халықаралық ғылыми журналдар мен комитет журналдарында және нәтижелері халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, талқыланды:

1. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының әрекеттестігі //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. №4/60. – Алматы, 2018. 338-343 бб.;
2. Взаимодействие школы и семьи в процессе воспитания младших школьников// Сборник статей IX международной научно-практической конференции «Научная дискуссия современной молодежи: актуальные вопросы, достижения и инновации». – Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение», 2019. С. 92-94;
3. Оқушыларды тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі// «Жастар – білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған, 2019. 52-57 бб.;
4. Влияние семьи на развитие личности. Научные исследования в современном мире: теория, методология, практика / Сборник статей по материалам международной научно-практической конференции. В 3 ч. Ч.3/ – Уфа: Изд. НИЦ Вестник науки, 2019. С. 78-83;
5. Бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасының әрекеттестігі “SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD: CHALLENGES OF THE XXI CENTURY” атты V Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Нұр-Сұлтан. 2019. 144-147 бб.;
6. Қазіргі мектеп жағдайындағы ата-аналармен жұмыс, «Ұлт құндылығы – ұрпақ өзегі» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдар жинағы. – Талдықорған, 2019. 83-87 бб.;
7. Бала тәрбиесіндегі мектеп пен отбасының ынтымақтастығы. «Глобальная наука и инновация 2020: Центральная Азия» № 6 (11). – Нұр-Сұлтан. 2020. 23-27 бб.;
8. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының әрекеттестігі// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. №5/3. – Алматы. 2020. 169 -176 бб.;

9. Школа, как институт стимулирования социализации обучающихся «Социальный педагог – исследователь» Российский государственный социальный университет, Сборник научных работ аспирантов и магистрантов, – Москва. 2020. С.155-160;
10. Отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі: теориялық және әдіснамалық мәселелер. "Innovation Management and Technology in the Era of Globalization": Materials of the VII International Scientific-Practical Conference. Volume II. – London, UK. 2020. С. 155-159.
11. Герои Великой Отечественной войны – пример в духовно-нравственном и патриотическом воспитании. «Педагогика патриотизма в Великой Отечественной войне» международная научно-практическая конференция XXIII социально-педагогического чтения, посвященные 75 - летию победы в Великой Отечественной войне. – Москва, 2020. С. 78-83;
12. Бастауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі// Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Хабаршысы. №3/62. – Атырау, 2021. 46-56 бб.;
13. Реализация воспитательной деятельности в условиях дистанционного обучения. Преподавание физической культуры, безопасности жизнедеятельности и биологии в образовательных организациях с учетом реализации моделей смешанного обучения. Материалы международного форума. – Екатеринбург. 2021. С. 27-33;
14. Қашықтықтан оқыту кезінде бастауыш сыныпта тәрбие жұмысын ұйымдастыру. «Болашақ педагогтарды заманауи білім беру кеңістік жағдайында даярлау» - республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, – Талдықорған. 2021. 74-76 бб.;
15. Студент жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселелері. Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Борибекова Фарзана Борибековнаның 70 жас мерейтойына арналған «Білім берудің заманауи тәжірибесі және болашағы» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференция І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, – Талдықорған. 2021. 9-12 бб.;
16. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігінің технологиясы //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. – Алматы. 2022. 285-297 бб.;
17. Technology of Interaction Between School and Family in the Education of Primary School Age Children, American Behavioral Scientist, Mailybaeva, G., Utegulov, D., Temerbayeva, Z., Nugmanova, F. 2023. L.1-13.
18. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: оқу құралы /Ансабаева А.Д., Мардахаев Л.В., Майлыбаева Г.С. – Талдықорған: Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің баспа бөлімі, 2022. – 113 б. ISBN 978-601-216-809-9.
19. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: электронды оқу құралы/Ансабаева А.Д., Мардахаев



Л.В., Майлыбаева Г.С. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2022. – 123 б.

20. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: ғылыми туынды/ Ансабаева А.Д., Майлыбаева Г.С., авторлық куәлік, «4» мамыр 2022. № 25786

21. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: ЭЕМ-ге арналған бағдарлама/ Ансабаева А.Д., Майлыбаева Г.С., авторлық куәлік, «5» мамыр 2022. № 25859

Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша 19 ғылыми-әдістемелік еңбек жарық көрді. Оның ішінде 1 мақала халықаралық рецензияланатын (WoS, Scopus) ғылыми журнал басылымында, 3 мақала ҚР ҒЖЖБ министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдарда, 6 мақала шетелдік басылымдарда, 7 мақала халықаралық, республикалық және аймақтық конференциялар материалдарының жинақтарында жарияланды және 1 оқу құралы, 1 электронды оқулық жарық көрді, 3 авторлық куәлік иеленді.

Тәжірибе жұмысының нәтижелері зерттеу базасында көрсетілген орта мектептердің оқу-тәрбие үрдісіне енгізілді.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертация жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың көкейтестілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, ғылыми болжамы мен міндеттері, жетекші идеясы, әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері мен кезеңдері, зерттеу базасы, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы, практикалық маңыздылығы, зерттеу жұмысының дәлелділігі мен негізділігі, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижелерінің апробациялануы және енгізілуі баяндалады.

**«Бастауыш сынып оқушыларын мектеп пен отбасының әрекеттестігінде тәрбиелеудің теориялық негіздері»** атты бірінші тарауда зерттеу жұмысы бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасалып, қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне арналған ғылыми еңбектердің педагогикалық тұрғыда мүмкіндіктері мазмұндалды. Еліміздің бастауыш білім беру жүйесінде оқушыларды тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің қазіргі жағдайы талданып, теориялық моделі дайындалып, оның өлшемдері белгіленді.

**«Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі»** атты екінші тарауда бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі эксперимент жүзінде тексеруден өткізілді. Тәжірибелік эксперимент барысында оның нәтижелеріне талдау жасалды. Сонымен қатар, эксперимент нәтижелері сапалық және сандық әдістермен қорытындыланды.

Педагогикалық эксперимент жұмыстарының нәтижелері математикалық тұрғыдан өңделіп, ұсыныстар әзірленді.

Қорытынды бөлімде жалпы ғылыми тұжырымдар жасалынды, білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үрдісінде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін ғылыми айналымға енгізу туралы ұсыныстар жасалды. Сонымен қатар, зерттеудің болашақта қарастырылатын бағыттары нақтыланды.

# 1 БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің зерттелу генезисі

Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі, тұлғаны тәрбиелеу, тұлғаны қоғамдық ортадағы бейімдеу және мақсатты тәрбиелік ықпалдар мен факторлар әлеуметтік институт ретінде білім берудің негізінде болып табылады. Жас ұрпаққа мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі ретінде тәрбиелік ықпал ету, тәрбие арқылы оқыту, отбасы институтының қоғамдағы тәрбиелік дағдарысы және ұлттық дәстүрлердің қоғамдағы беделінің төмендеуі және ұлттық тәрбиеге жат ықпалдардың әсерінен отбасы мен мектептің байланысы күннен күнге өзекті проблемаға айналды.

Қоғамның барлық даму кезеңдерінде жеке тұлғаны тәрбиелеу, отбасы мен мектептің байланысы мәселесі көптеген педагогтар мен ғалымдардың назарын аударды. Осыған сәйкес, тұлға тәрбиесі тек қана педагогика ғылымының проблемасы ғана емес, бүгінде философия, этнография, тарих, психология, педагогика тарихы, әлеуметтану, т.б. ғылымдар тоғысында зерттелуде. Демек, тәрбие тарихы адамзаттың қалыптасу тарихымен тығыз байланысты. Олай болса, қоғам бар жерде тәрбие де болады. Тәрбие қоғам қажеттілігіне байланысты. Тәрбие ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жалғастырады. Отбасында атадан балаға мұра ретінде оның кәсібі беріліп отырады. Тұрмысқа қажетті кәсіп түрлерін әкесі ер балаларға аңшылық, ұсталықты үйретсе, анасы қыз балаларға үй тұрмысына, қолөнерге, ас дайындау т.б. түрлерін үйретеді. Оның барлығы күнделікті тәрбие түрлерін қалыптастыруға көмектеседі.

Адамзат қоғамы дамуының алғашқы сатысында тәрбиенің мақсаты еңбекке араласқан балаларға үлкендер қарапайым еңбек құралдарын қалай дайындау және пайдалану керектігін үйретті және түсіндірді. Еңбек түрлерінің қиындау деңгейлеріне қарай адамдар мал шаруашылығымен, егіншілікпен айналысқан кезде ру пайда болды, осы кезеңде тәрбиенің рөлі арта түсті және оның мазмұны мен түрлері өзгерді. Еңбек үрдісінің өзінде оқта-текте айтылатын нұсқаулардан балаларды бірте-бірте еңбекке даярлауға, оларды еңбектен бос уақыттарында әртүрлі дағдылар мен ептіліктерге оқытуға көшу іске асырылды. Бұл кезде тәрбие тапсыз сипатта болғандығы өзінен-өзі түсінікті болды. Тәрбие талаптары барлық балаларға бірдей дәрежеде кеңінен тарады. Оның дәлелі ретінде: «әрбір отбасындағы өмір ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен түсініктер арқылы жүзеге асырылды. Барлық отбасы мүшелері белгілі ережелерді және шектеулерді сақтау қажет болды. Мысалы, жаман сөздер айтуға, үлкендерге қарсы сөйлеуге тыйым салынды», - делінеді [43, б. 10]. Қоғам дамуының алғашқы сатысында, алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдардың өмір жағдайлары өте ауыр болды, сондықтан да адамдарға өмір сүру үшін бәрі бірге болу, тек қана ұжымдық түрде болып еңбек етудің қажеттілігі байқалды. Бұл қоғамда бәрі ұжым болып еңбек етті,

элеуметтік теңсіздік, тап деген болмады, адамдар ортақ үйлерде тұрды және бала тәрбиелеу ісі де барлық руларға ортақ болды. Тапсыз қоғамда барлық балаларды бірдей тәрбиеледі, өздеріне лайықты іс-әрекетке ерте қарастырды. Жас кезінен бастап олар азық өндіруге қатысты, жеуге болатын өсімдіктерді, жемістерді жинады. Жас шамасына қарай олар үлкендермен бірге еңбекке араласты. Үлкендермен бірге және олардың басшылығымен балалар мен жеткіншектер өмірге қажетті еңбек ептіліктері мен дағдыларын меңгерді. Қыз балалар мен ер балалардың тәрбиесінде кейбір ерекшеліктер болды. Жоғарыда айтылғандай, ер балалар ерлермен бірге балық аулаумен, аңшылық кәсіппен айналысты, оларды күресе білуге, садақпен ата білуге, ептілікке баулыды; қыз балалар үй шаруасына, әйелдерге тамақ даярлауға, киім тігуге, ыдыс-аяқ жасауға қатысты. Барлық балаларды жануарларды күтуге, егіншілікпен айналысуға үйретті, қолөнердің дамуымен оларды өнерге баулыды. Жекеменшіктің, құл иеленушіліктің және моногамиялық отбасының пайда болуымен алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы басталды. Жеке неке пайда болды. Отбасы ең негізгі қоғамдық құрылыстардың бірі болды, өз бетімен шаруашылықты жүргізді, сонымен қатар бала тәрбиесімен айналыса бастады. Отбасы тәрбиесі тәрбиенің бұқаралақ түріне айналды. Пайда болған үстем таптар (көсемдер, ақсақалдар) ақыл-ой білімін дене еңбегінен бөлуге ұмтылды. Алғашқы білімнің негіздерін (жер өлшеу, өзендердің тасуын алдын ала түсіндіру, адамдарды емдеу тәсілдері және т.б.) өздерінің қолдарына жинақтап, оларға өз үстемдігін жүргізді. Ой еңбегі мен дене еңбегінің арасында айырмашылықтар байқала бастады. Осы білімнің алғашқы түсініктерін оқыту үшін арнаулы мекемелер (мектептер) ұйымдастырылды. Дене еңбегімен негізінен бұқара халықтың балалары айналысты. Ондай отбасыларда балалар еңбекке ерте араласты, ата-аналар өз тәжірибесін үйретіп отырды. Мектепте жүргізілетін ұйымдасқан тәрбие бірте-бірте үстем тап өкілдерінің ісі бола бастады. Қоғамдық ортада тәрбиенің пайда болуы туралы мәселені ғалымдар бірнеше бағытта сипаттайды.

Ертедегі грек және рим ойшылдары (Платон, Аристотель, т.б.) өз еңбектерінде отбасындағы тәрбие идеяларының мемлекеттік маңызына тоқталады. Платонның пікірінше: «Государство любить с самого детства и быть приспособленным к их обязанностям, чтобы, то есть, сделать их мужественными, рассудительными, свободными и тому подобное», - деп, мемлекетті сүюді, оның алдындағы міндеттеріне жас ұрпақты бала кезінен отбасынан баулудың маңызы зор екенін айтады [44, б. 82].

Аристотельдің «Саясат» туралы еңбегінде: «Законодатель должен относиться исключительно вниманием к воспитанию детей, любить Отечество, так как в тех государствах, где этого нет, и самый государственный строй терпит ущерб», - деп отбасы тәрбиесінің қоғамдық рөліне баға береді [45, б. 274].

Басты өндіруші күш жеке тұлға болып табылады. Адам жүйелі түрде күрделі қатынастарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, саяси және моральдық көзқарастарды, сенімдерді қоғамдағы адамдардың өмір сүру

тәртібін меңгереді. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең алдымен білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», - деген болатын [46, б. 281]. Демек қазіргі қоғамда бірінші адамға тәрбие берілуі керек.

Тәрбие мен қоғам бір мезгілде пайда болды. Тәрбие – қоғамдық құбылыс, онсыз қоғам ілгері дамымайды. Әрбір мемлекетте балаларға білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудың нақтылы мәселелері мен әдістері қарастырылды. Осыған сәйкес мұғалім қандай тұлғаны қалыптастыратынын білуі керек. Орыс педагогы К.Д. Ушинский «өз қызметінің айқын мақсатын көрмейтін тәрбиешіні құрылыс материалдарын бір жерге үйіп тастап, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектормен салыстырады» [47, б. 157].

Тәрбиеші жас ұрпаққа берілетін білім, іскерлік, дағдыны, тәрбиелейтін сезімді біліп, жоспарлы, мақсатты тәрбие жұмысын жүргізеді. Чех педагогы Я.А. Коменский: «Келесі ғасырдың қандай болатындығы сол ғасыр үшін тәрбиеленген азаматтарға байланысты. Дүние даналардың көптігімен бақытты», - деген идеясын айтты [48]. Я.А. Коменский тәрбие мақсатын төмендегідей негізгі элементтерге бөлді:

- адамға барлық заттарды білу – «ғылыми білім»;
- қоршаған ортаға ізгілік қатынас – «адамгершілік»;
- құдайға құлшылық ету – «діни тәрбие»;
- тән саулығы – «дене тәрбиесі».

Әлемге танымал Швейцария педагогы И.Г. Песталоцци: «мектептегі тәрбиенің мақсаты балаға бастауыш сыныпта бірінші тәрбие беру қажет, содан кейін білім беріп, жан-жақты және үйлесімді дамыту» деген қағиданы ұстанады [49].

Неміс педагогы А. Дистервег педагогикалық мәселелерді шешудегі сословиелік және шовинистік саясатқа қарсы күресіп, «Мектептегі тәрбиенің маңызы – адамзатты және өз халқын сүйетін саналы азаматтарды тәрбиелеу» деген құнды пікірлері үшін педагогика тарихында оның есімі алтын әріптермен жазылған болатын [50]. Яғни тәрбиенің мақсаты қоғамға пайдалы, адамгершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеу деген ойды жетілдіре түседі. Ол отбасы тәрбиесі мен мектептің тығыз байланысын қарастырады.

Соңғы кезде зерттелген қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде де бастауыш сыныпта оқушыларды тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі туралы зерттеу проблемамызға жақын диссертацияларды талдаған болатынбыз. Атап айтар болсақ, зерттеуші С.З. Нишанбаева «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің бойында отбасы-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» деп аталатын диссертациясында отбасындағы құндылықтарды жан-жақты тыңғылықты зерттей келе, мынандай маңызды проблемаларды атап көрсеткен: «қоғамдық қатынастардың иерархиялығы отбасылық қатынаста оған сәйкес бағыттарды тудырса, ал қоғамның демократиялануы отбасының эгалитаризациясына алып келеді. Бүгінде дәстүрлі патриархалды отбасының эгалитарлы (жыныстардың теңдігі) отбасы типіне өтуінде отбасының жаңа үлгісінің қалыптасып келе жатқаны ғылымда отбасылық қатынастардың білімдік-тәрбиелік мәнін, отбасылық адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды өзектендіре түседі», - дейді [94, б. 16]. Яғни қазақ халқының отбасы қатынастары мен гендерлік мәселелерді нақты зерделеп, қоғамдық маңызына түсінік беруге тырысады.

Қазіргі кезде отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан

әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасында белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Яғни, нарықтық қатынастардың дамуы нәтижесінде отбасында айтарлықтай адамгершілік тұрғыдан ересектердің де, балалардың да жаңа құндылық бағыттарын қалыптастырып, отбасы өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ата-ана мен мұғалімдердің міндеті – қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесін ұсынып отырған әлеуметтік мүмкіншілікті дұрыс пайдалану. Мектеп пен отбасы балаларды тауар мен ақша қатынастарының мәдениетіне үйрету жұмыстарын ойластыру қажет, сондай-ақ алып-сату пайда табу немесе пайдақорлық емес, ол жалпы игілік үшін және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құқықтық екі жақты қызмет көрсету екенін түсіндіру. Ата-ананың маңызды міндеті балалармен біріккен коммерциялық қызмет-әрекетке қатысып, оны бақылау, оларды баланың адалдығын, адамгершілігін, ұқыптылығын дамытатын қызмет көрсетудің түрлерін орындауға үйрету. Нарық отбасы мүшелерінің алатын орнына жанама әсер етеді, олардың өміріне жаңа әлеуметтік бағдарлар енгізеді. Қоғамдық және мемлекеттік тәрбие беделінің төмендеуі отбасы өмірінің тәрбиесіне қиындық әкелді.

Бүгінгі күні қоғам дамыған сайын отбасындағы бала саны көбейіп келеді. Көп балалы отбасыларда, әрине балалар бауырмал, бір-біріне қамқор, мейірімді болады. Олардың қоғамдық өмірге араласауы, әлеуметтенуі оңай жүреді. Осыған қарама қайшы, кей жағдайда бір балалы отбасылар бар, негізінен ішкі отбасылық тәрбиенің ең басты жағдайы, ұжымда, топта балалар қарым-қатынасында қиындықтар туғызады. Бір баланың тәрбиесі қосымша педагогикалық күш салуды талап етеді. Жалғыз балаға деген ата-ананың, әжесі мен атасының артық көңіл бөлуі оны белсенділігінен айырып, оның эгоистік қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді. Толық емес отбасыларда, ата-ананың біреуі жоқ болған отбасыларда тәрбие мәселелерін шешуде кейбір адамгершілік-психологиялық ыңғайсыздықтар болуы мүмкін. Мұндай отбасылардың көбінде ана және бала ғана болады. Отбасы тәрбиесінің проблемасы – ананың отбасы тұрмысынан қолы босамауы. Ананың уақыты жетпеуі көбінесе насихат, жазғыру, ұрсу сияқты тәрбиелік ықпалдың нәтижесіз әдістерін пайдалануға мәжбүр болады. Микроклиматы жағымсыз, отбасы өмірі ұрыс-керіске, ата-ананың бір-біріне, балаларына деген шағымдарына, айқай-шуға, қорлық сөздер мен іс-әрекеттерге толы отбасында әртүрлі проблемалар туындайды. Ата-ана құқығынан айрылғалы тұрған ата-аналар әлеуметтік және педагогикалық проблемалар тудырады. Мемлекет олардың ата-аналық құқықтарынан айырғанда балалардың мақсат-мүддесін басшылыққа алады. Алайда бұл ретте олардың өмірі өз мәнін барынша жоғалтады, өйткені өмір сүру мен дамудың маңыздылығы кемиді. Елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, жекеменшіктің пайда болуына, жеке адамның баю мүмкіндігінің тууына байланысты материалдық жағынан ауқатты отбасылар пайда бола бастады. Мұндай отбасыларда тәрбие белгілі бір проблемаға кездеседі. Көбінесе бұндай отбасындағы бала балалар ұжымдарынан алшақ болады, оның ерекше сезімі қалыптасып, қоршаған адамдарға деген жөнсіз наразылық эгоизмі тууы мүмкін. Отбасының жоғары материалдық

ауқаттылығы (материалдық жағдайының төмен болуы да) отбасы жұмысын ұйымдастыруда қолайсыз жағдайлар туғызады. Мектеп пен отбасы әдістемелерін нақтылап, оның кемшіліктерін түзете отырып, бұл проблемаларды жеңуге тырысу қажет.

Күн тәртібі баланың уақыт аралығындағы іс-әрекетінен тұрады: дене және еңбек қызметі, ой белсенділігі, бос уақыт, дер кезінде тамақтану, гигиена, ұйқы. Олардың арақатынасы баланың жасына, оның жеке тұлғасының психикалық ерекшеліктеріне және тілек-қалауына байланысты өзгеріп отырады. Баланың бос уақыты оның күн тәртібінің құрамды бөлігі болып табылады. Оқушының бос уақытын пайдалануы, оның іс-әрекетінің түрлері отбасының тәрбие мүмкіндіктерінің айқын көрсеткіші.

Қазіргі кезде отбасының бос уақыттағы бірлескен іс-әрекетінің оқушы үшін маңызы өте зор. Отбасы мүшелерінің өзара әрекеттестігі ретінде түсінісу, сезім әсерлері негізінде бір-біріне ықпал етеді. Қарым-қатынас кезінде іс-әрекет, тәжірибе мен сезім әсерлері қатар жүреді. Ата-ана мен баланың арақатынасы отбасы өмірінің айқын көрінісі, оның микроклиматын қалыптастырып, отбасының даму мүмкіндіктерімен сипатталады. Педагогикалық процестің қызметіндегі іс-әрекеттің маңыздылығын, жеке тұлғаның өмірлік болашағын анықтаудағы мақсаттылық сипатын көрсете отырып, оның нәтижелілігі оқушының белсенділік дәрежесімен айқындалады.

Ата-ана мен бала арасындағы, балалардың арасындағы өзара қатынас педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдері болып табылады. Олар жеке тұлғалыққа мән беріп, көзқарастардың дамуына, балалардың мінез-құлқына, олардың адамдарға деген қатысына әсер етеді. Отбасындағы өзара қатынас сипаты әдет-ғұрыптармен, ата-ананың өзінің бұрынғы отбасынан алған тәрбие-нұсқауларымен, темперамент ерекшеліктерімен, ерлі-зайыптылардың эмоциялық деңгейімен, олардың адамгершілік және педагогикалық мәдениетімен анықталады. Осының бәрі ата-ананың балаға деген қатынасында орын алады.

Қазақ халқы сан ғасырлардан бері дамып келе жатқан тарихында өз ұрпағына отбасында тағылымдық тәрбие беруде баға жетпес тәрбиелік мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұраның мол тәжірибесін жинақтаған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін отбасы мен мектептің тәрбиелік байланыстарында халықтық қағидалар, талаптар және әдіс-тәсілдер қолданылған. Қазақ халқының отбасы тәрбиесінің негізгі талаптары еліміздің тарихи дамуына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, өмір салтына, түрлі тарихи уақиғаларға байланысты қалыптасқан.

Отбасы тәрбиесінің басымдығын тану отбасы мен білім беру мекемелерінің жаңа қатынастарын талап етеді. Осы қатынастардың жаңалығы «ынтымақтастық» және өзара әрекеттестік» ұғымдарымен айқындалады.

Біздің бүкіл өміріміз - қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу: басқа адамдармен, адамдар тобымен, мемлекеттік құрылымдармен, тірі және жансыз табиғат объектілерімен және т.б. Біздің бүкіл өміріміз басқа адамдармен өзара әрекеттесуді білдіреді. Біз осы тұжырымдаманың сипаттамасын түсіндіруге

тырысамыз. Осының негізінде біз «өзара әрекеттестік» ұғымының және оған зерттеуші ғалымдар тарапынан берілген ғылыми тұжырымдамалық ойларын қарастыру заңдылық деп білеміз. Осы бағытта «өзара әрекеттестік» ұғымына ғалымдардың берген анықтамасына контент-талдау жасаған болатынбыз, олар төмендегі №1 кестеде берілген.

Кесте 1 – «Өзара әрекеттестік» және «Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» ұғымдарының анықтамасына контент-талдау

№	Авторлар	Анықтамалар
1	Г.М. Андреева	Өзара әрекеттестік - бұл басқа серіктестің мінез-құлқы өзгертін біліммен алмасу ғана емес, сонымен бірге топқа оның мүшелеріне ортақ кейбір әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыру [95].
2	Н.Ф. Родионова	Өзара әрекеттестік - педагогтар мен оқушылардың бір-біріне өзара әсері, өзара ықпалы, олардың іс-әрекеттік, жеке алмасу процесінде өзара өзгеруі, нәтижесінде олардың өзара байытылуы және қызмет нысанасының өзгеруі; оқу-тәрбие процесінде ортақ пәнге және біртұтас жүйеге әсер етудегі күш-жігерді біріктіруді көздейтін, оқу-әдістемелік кешенде жұмыс істейтін және дамитын, олардың қызметін ұйымдастырудың ерекше нысаны [96].
3	И.Р. Сушков	Өзара әрекеттестік - екі субъектінің немесе объектілердің өзара позициясының өзгеруіне әкелетін кез келген қозғалысы. Бірақ кез-келген өзара әрекеттесу "үйлесімділік" болып табылады, өйткені субъектілердің өзара тәуелділігі бәсекелес қызметке әкелуі мүмкін [97].
4	И.Я. Лернер	Өзара әрекеттестік - педагогтар мен оқушылардың объективті қарым-қатынасы [98].
5	Б.З. Вульфов	« ... өзара әрекеттестік - бұл жүзеге асырылатын қатынастар ..., бірыңғай түпкі мақсаты бар ... түлектердің белсенді ұстанымын қалыптастыру; өзара әрекеттесу процесі оның субъектілерінің бір-біріне әсерін қамтиды, бұл олардың тәрбиелік әлеуетін арттыруға, тәрбие қызметін жандандыруға және бірлескен жұмыста, оның қарым-қатынасы, өзара түсіністік, өзара әсер ету барысында туындайтын іс жүзінде ашылады. Бұл өзара әрекеттесудегі жетекші рөл, демек, егер оны тиімді жүзеге асыру үшін негізгі әлеуметтік жауапкершілік, әрине, мектепке тиесілі [99].



1-кестенің жалғасы

6	Л.В. Байбородова	Өзара әрекеттесу педагогиканың негізгі категорияларының бірі ретінде қарастырылады және оны әлеуметтік және педагогикалық құбылыстар ретінде сипаттауға болады. Мектеп те жататын белгілі бір әлеуметтік кеңістіктегі балалардың өзара әрекеттесуі әлеуметтік болып табылады. Оның негізгі қызметі - оқушыларды әлеуметтік қатынастар жүйесіне қосу және әлеуметтік байланыстар саласын кеңейту. Ересектер, педагогтар аға жолдас позициясын алады, бірлескен іс-әрекетте және қарым-қатынаста серіктес болады оқушылар топтарындағы педагогикалық өзара іс-қимыл оқу-тәрбие процесінің шеңберімен шектеледі, онда олар тәрбиеленушілердің, оқушылардың рөлін, ал ересектер мұғалімдердің рөлін орындайды, тіпті егер олар өзара әрекеттесу объектісіне қатысты «тен» өзара әрекеттессе де (оқу міндеті) және бірлескен қызметтің қосалқы субъектілері болып табылады [100].
7	С.Ф. Егоров	Отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі «Отбасы мен мектептің тәрбие мақсаттары, нысандары мен әдістерін үйлестіру бойынша бірлескен қызмет процесі» ретінде анықталады [101].
8	Кузьмина, Н.В.	Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі - баланың өсуін қамтамасыз ету, өзін-өзі жетілдіруі, оқуға деген ынтасын қалыптастыру, дене және психикалық денсаулығын сақтау, мектепте, отбасында, қоғамда балаға әлеуметтік бейімделу үшін жағдай жасауды көздейді [102].
9	Катович, Н. К.	Мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі - ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты орнатуға, отбасындағы тәрбие мәселелерін уақытында анықтауға, келеңсіздіктердің алдын алуға және отбасын педагогикалық және психологиялық қолдауға бағытталған [103].

«Өзара әрекеттесу» термині Т.А. Маркованың еңбектерінде ашылды, онда өзара әрекеттесу мінез-құлық желілерінің жиынтығы ретінде қарастырылады, олардың мәні отбасылық тәрбие міндеттерінің спектрі ретінде ашылады және тәрбиедегі біртұтас мінез-құлық негізінде құрылады. Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің негізінде ата-аналар мен мұғалімдердің мінез-құлқының

тендігі, бір мақсатқа жетуге бағытталған мектеп пен отбасының ынтымақтастығы жатыр [104, б. 46]. Өзара әрекеттестікті біз дәл осы аспектіде қарастырамыз.

А.Д. Ансабаева, Г.С. Майлыбаева «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі» атты мақаласында «Білім беру ұйымы мен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, әрекеттесіп отырған тараптардың бір-біріне құрметпен қарауын, серіктестердің көзқарасының тендігін болжайтын педагогтар мен ата-аналардың ынтымақтастығы жатыр», - деп атап өтті. [105, б. 49].

Мұғалім мен ата-ананың өзара әрекеттестігі педагогикалық қызметтің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Дәл осы өзара әрекеттесуде баланың ерекшелігін түсіну қалыптасады және ол арқылы тұлғаның толыққанды қалыптасуы жүреді. Мұғалімнің өзі ата-аналарға баланың даму ерекшеліктерін түсінуге, жас дағдарыстарынан аман өтуге және тәрбиені бірге жүзеге асыруға көмектеседі.

Сөзімізді нақтылай келе, зерттеу проблемамызға арналған өз ұғымымызды ұсынамыз, *мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі* дегеніміз оқушының отбасы мен мектептің қатынастарын, іс-әрекетін, мінез-құлқын ізгілік бағытта байланыстыратын тәрбие құрылымы деп білеміз.

## **1.2 Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің ролі**

Бүгінгі таңда отбасындағы бала тәрбиесінің мәселесі әлеуметтік-педагогикалық және материалдық сипаттағы көптеген жағдайларға байланысты. Олардың бірі – оқушы тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің ынтымақтастық қарым-қатынасы болып табылады. Бұл арақатынас отбасының педагогикалық процесінің күйі туралы ақпарат болған жағдайда ғана жемісті бола алады. Педагогикалық процестің сипаттамалары отбасындағы тәрбие әрекетімен байланысты болады. Тәрбие үрдісінің құрылымында педагогикалық мақсатқа сай, жақсы ұйымдастырылған әрекет қаншалықты көп орын алса, тәрбиенің тиімділігі соғұрлым жоғары болады. Бұл тәрбиенің жалпы заңдылықтарының бірі.

Бүгінде барлық тәрбие институттары тарапынан отбасына ерекше мән беріліп, көңіл бөлінуде. Қазіргі жағдайда қоғам мен мемлекет өмірінің саяси және әлеуметтік-экономикалық қырлары қарқынды қайта құру кезеңін өткеріп жатқан кезде, отбасылық тәрбие жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Отбасына деген терең қызығушылық соңғы онжылдықта отбасының педагогикалық жүйе ретінде дағдарысының белгілері байқалуымен түсіндіріледі. Отбасы қоғам құрылымындағы негізгі қалаушы институт ретінде мемлекеттік ауқымдағы реформаторлық өзгерістерге ерекше сезімтал, өйткені олардың нәтижелері оның өмір сүру, тұрақтылық және тәрбие қызметінің

деңгейінде тікелей көрініс табады. Тәрбие педагогиканың негізгі санаты болып табылады. Адам туғаннан бастап дүниеден өткенге дейін тәрбиеленеді. Тәрбие әсерінің күші, әрине жасына, әлеуметтік жағдайы мен мәртебесіне байланысты өзгереді.

Бүгінге дейінгі зерттеулерге талдау жасап, сараптама жүргізгенде «Тәрбие» ұғымын ғылымға кім енгізгені туралы нақты деректер келтіру қиын, дегенмен оған алғаш түсінік беріп, мағынасын ашқан Әлемнің екінші ұстазы, *Әбу Насыр әл-Фараби* деп білеміз. Оның мұра ретінде қалдырған трактаттарында анықтама берген, бізге жеткен қолжазбаларында тәрбиенің мәні жоғары, оның білімнен де маңызы зор екеніне түсінік берілген [106].

Ғылыми тұрғыдан тәрбие мәнін анықтау ең көне мәселенің бірі және педагогикалық әдебиетте пікірталастар тудырып отыратыны бірқатар себептерге байланысты деп білеміз. Жалпы тәрбие қоғам қажеттіліктеріне сәйкес жеке тұлғаны қалыптастыру процесін немесе оның жеке қасиеттерін басқару ретінде қарастырылды. Тәрбие психологиялық және педагогикалық ұғымдармен тығыз байланысты. Ең алдымен, бұл байланыс «қалыптастыру» түсінігімен қызмет етеді. Бұл термин адамның белгілі бір өзгерістерін болжайды, бұл аяқталған нәтижеге апаратын процесс, адамда дене және жеке қасиеттерінің пайда болуы. Тәрбиені анықтай отырып, біз қандай аспектіні бұрыштың басына қойсақ та, барлық жағдайларда бұл құбылысты сипаттайтын жалпы белгілер болады. Атап айтар болсақ:

*Біріншіден*, тәрбие – бұл тәрбиеші өзара әрекеттесетін адамдардың нақты сапалық және сандық өзгерістерін болжайтын процесс, яғни динамикалық құбылыс;

*Екіншіден*, тәрбие тәрбиеленушіге мақсатты ықпалмен сипатталады. Бұл тәрбиенің мақсаты әрқашан белгілі бір нәтижеге жету болып табылады және ол – тәрбиеленуші тұлғасында болып жатқан оң өзгерістермен анықталады. Мақсатсыз тәрбие болмайды;

*Үшіншіден*, тәрбиенің адамгершілік бағыты бар. Ол тәрбиеленушілерге әсер ету бағытын анықтайды;

*Төртіншіден*, тәрбиенің маңызды белгісі ретінде зерттеушілердің көпшілігі тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әрекеттестігін атайды. Дәл осы белгі тәрбиеленушінің тәрбие процесіндегі белсенділігін көрсетеді, оның субъектілік ұстанымын анықтайды.

Осылайша, тәрбиені жалпы түрде тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әрекеттестігіне негізделген тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың мақсатты үрдісі ретінде анықтауға болады.

Жалпы алғанда тәрбие қарым-қатынаспен және іс-әрекетпен қатар, феноменді білдіретін, адамзат қоғамын оның қалыптасу кезінен бастап бүгінгі күнге дейін сүйемелдеп жүретін әмбебап адами санат болып табылады. Тәрбие әр кезде алдыңғы ұрпақтың әлеуметтік-мәдени тәжірибесін қайта ойластырылған субъективті түрде қайта қалыптастыра отырып, адам қоғамдастығында адамдарды біріктіруге арналған. Демек, тәрбиенің әмбебап және міндетті сипаты қоғамдық құбылыс ретінде күмән тудырмайды және

тұлғаның және қоршаған ортаның қарым-қатынасын зерттейтін ғылыми білімнің көптеген салаларында атап көрсетіледі: философия, құқықтану, психология, саясаттану және т.б. Тәрбие біртұтас әлеуметтік-мәдени қауымдастық түріндегі қоғамның, сондай-ақ, жеке және қоғамдық бастамалардың тасымалдаушысы ретінде жеке тұлғаның өмір сүруі мен дамуының қажетті шарты болды және болып қала береді. Зерттеуші А.Қ. Дүйсенбаев: «Тәрбие – 1. Әлеуметтік мағынасында – өскелең ұрпақты өмірге дайындау бойынша барлық әлеуметтік құрылым: қоғамдық институттар, діни ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдениет, отбасымен орындайтын қоғамның функциясы; 2. Педагогикалық мағынасында – тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілер арасындағы арнайы ұйымдастырылған және басқарылатын қарым-қатынас процесі, оның барысында қоғамдық-тарихи тәжірибені жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру мен оларды қоғамдық өмір мен еңбекке дайындау мақсатында жаңа ұрпаққа дарыту орындалады», - деп келтіреді [107, б. 148]. Олай болса, адам өз ұрпағымен қоғамдық ортада дұрыс өмір сүру үшін, адами қасиеттерді мәдениетпен ұштастырады. Оны біз «Қазақ тағылымы» атты ғылыми еңбекте жан-жақты түсінік берілген, онда қазақ баласының тәрбиесіне ұлттық құндылықтардың алатын орнына тоқталған: «Сонымен дәстүрлі педагогикада жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі мақсаты жан-жақты дамыған үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру», - деп көрсетілген [108, б. 245].

Демек, тәрбие – кешенді үрдіс. Бала отбасымен, қоғаммен тығыз байланыста өмір сүреді. Оның негізі халықтық тәжірибені сақтайтын этнопедагогикалық ойлар туралы профессор Қ. Жарықбаев әр дәуірдің құндылықтарын көрсететін ілімдерді табуға болады, яғни: «Тәрбие – өзіңнің тектілігінің жемісі, тағылымды өнегенің көрінісі», - деп келтіреді [109, б. 197].

Мектепте және отбасында баланы тәрбиелеу үшін мұғалімнің өзі өмірлік ұстанымды көрсетіп қана қоймай, оған сәйкес келетін идеяларды, санаттарды, ұғымдарды түсінуі керек. Біз жоғарыда ғалымдардың еңбектеріне негіздей отырып өз ұғымымызды ұсынамыз: *«Тәрбие – бұл адамзаттың рухани байлығы, қоршаған әлеуметтік шындықпен тығыз байланысты және онда болып жатқан өзгерістерге тез әсер ететін кең әлеуметтік-педагогикалық тәртіптің феномені»*. Егер өмірдің материалдық жағы адамның ұмтылысының басты мақсатына айналса, онда адамды жай ғана бағындыратын тұтынушылық менталитет қалыптасады. Алайда, егер тұрмыстық заттар, бұл жағдайда тек қызметтік рөл атқара отырып, рухты дамытудың алғышарттарын жасаса, материалдық негіз мақсат емес, құрал бола алады. Рухани құндылықтар әрқашан жоғары сатыдағы құндылықтар болып саналады – ақиқат, жақсылық, сұлулық, еркіндік, даналық, яғни, адамды адам ететін нәрсе. Көбінесе мұндай құндылықтар дене пішінімен ғана емес, басқалардың оларға деген көзқарасымен де байланысты – тандану, қызығу, табыну, адалдық, фанатизм және т.б. Рухани құндылықтар ашкөздікті қамтымайды, мұндағы сезімдер дүниеге қызығушылықпен, пайда немесе сезім ләззатымен байланысты емес. Дәл осы құндылықтар қоғамның әлеуметтік өмірін реттейтін адамгершілік,

құқықтық, эстетикалық және басқа нормалардың қайнар көзі мен негізі болып табылады, ал материалдық құндылықтар тәртіп орнатпайды, керісінше оны бұзады, өйткені мұнда негізгі қозғаушы күштер бұл бәсекелестік, бақталастық, қайткен жағдайда да жеңіске жетуге бағытталады.

Тұлғаның қоғамдық қалыптасуында әлеуметтік жағдай маңызды рөл атқарады. Оған сыртқы және ішкі қайшылықтар әсер етеді.

Сыртқы қайшылықтар:

- қоғамдық ережелер мен балалардың тәрбиесі арасындағы сәйкессіздік;

- мұғалімнің талабы мен оқушы тәртібінің арасындағы қатынас.

Ішкі қарама-қайшылықтар:

- мұғалім талабы мен оқушы мүмкіндігінің арасындағы қатынас;

- мұғалімнің қажеттіліктері мен қанағаттандыруы арақатынасынан тұрады.

Бала тәрбиесіндегі мұндай қарама-қайшылықтардың негізгі шешімін табу педагогикалық процесті ұтымды ұйымдастырумен сипатталады.

Қазіргі кезде тәрбие үрдісінде мектеп, отбасы және қоғамдық ұйымдардың қызметін үйлесімді педагогикалық бірлілікке бағыттау қажет. Тұлға алдына бір мақсат қойып, сол мақсатқа жетудің жолдарын іздейді. Содан шабыттанып, білім алады, еңбектенеді, табандылық танытады. Оған мысал, атақты шешен Демосфен жастайынан шешен болуды армандайды. Бірақ, елдің алдына шыққанда сөздері ұйқаспай, даусы әзер шығып, сөйлей алмайды. Оның орнында басқа біреу болса, бұдан кейін тауы шағылып, күдерін үзер еді. Ал Демосфен өйтпеді. Ол басқалардан оқшауланып, теңіз жағасына барып, жағаны ұрып жатқан дауылға қарап, суырыпсалма сөздерін бар дауысымен айтатын. Ұлы Абай да «өзін-өзі тәрбиелеген ғұлама адам» болып табылады [110, б. 136]. Қазақтың жас ойшыл ақыны С. Торайғыровтың «Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін, болмасам толып туған толық айдай» немесе «Қараңғы қазақ көгіне күн болмағанда кім болам» деген жігері мен ерлікке толы батыл жолдарды өзіне және болашақта өзінің оптимистік рухын паш етеді [111, б. 3].

Реформа кезеңінде білім беру жүйесі тез өзгеріп отырады, бұл өзгерістер туралы ата - аналардың жеткілікті түсініктері жоқ, олар оқу - тәрбие қызметіне негізінен, қазіргі заманғы талаптардан жиі артта қалып отырған, өзінің мектеп тәжірибесі бойынша бағдар алады. Осы сәйкессіздікті шешу үшін педагог оқу - тәрбие процесін барынша ашық, ақпараттандырылған және ата-аналар үшін қолжетімді етеді. Ата-аналар, олардың арасында өзара түсіністік пайда болса, мектептен және педагогпен белсенді ынтымақтастыққа ұмтыла бастайды. Ал ол бірлескен қызметте туады. Мұғалім ашық есік күндері ғана емес, оларға ыңғайлы кез-келген уақытта сабаққа еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету маңызды деп санайды. Бұл ата-аналардың педагог сияқты тығыз жұмыс немесе жылжымалы жұмыс кестесі бар екеніне негізделген. Олар үшін ыңғайлы уақытта мектепке қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, педагог ата-аналарға баланың мектеп өміріне деген қызығушылығын оның алғашқы күнінен бастап

сақтауға, баланың жеке ерекшеліктерімен және отбасылық тәрбие үлгісімен тез танысуға мүмкіндік береді.

Осы ретте Г.С. Майлыбаева., А.Д. Ансабаева «Отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі: теориялық және әдіснамалық мәселелер» тақырыбындағы мақаласында «Отбасы - бала – мектеп» мектептен тыс қарым-қатынас формалары әр түрлі және педагогтың қызығушылығымен, ата-аналар мен балалардың қызығушылығымен тікелей байланысты. Нәтижесінде бала тұлғасындағы эпицентрі бар әлеуметтік тізбек күштерді ұтымды орналастыру арқылы барлық қатысушылар өздерінің шығармашылық әлеуетін іске асыра алатын және өзара қарым-қатынастардағы шиеленісті төмендететін шеңберге ауысады. Осылайша, мектеп пен отбасы бір балалардың ата-аналары мен педагог-тәрбиешілері өзара іс-әрекеттің жаңа түрлерін іздеуі тиіс», деп келтіреді [112, б. 158].

Қазіргі уақытта мектеп пен отбасы ынтымақтастық әрекетінің бағыттарына: ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс; ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын дамыту; ата-аналармен баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту үшін жүйелі жеке дара жұмыстарын жүргізу. Ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс ата-аналар комитеті (жалпы мектептік, сыныптық), ата-аналар жиналысы және конференция, педагогикалық консилиум арқылы жүзеге асады. Ата-аналар комитеті – ең белсенді, ықыласты деген ата-аналардан тұратын қоғамдық орган, ол жалпы мектептік (жалпы мектептік ата-аналар комитеті) немесе сынып (өзара негізгі міндеттерді бөліп алатын төраға және 4-5 мүшесінен) тұрады. Ата-аналар комитетінің мүшелері сынып жетекшісіне мектеп пен оқушылардың отбасылары арасындағы байланысты орнатуға, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын (мерекелерді, кештерді, саяхаттарды, театрға бару, т.б.) өткізуге көмектеседі. Олар педагогикалық жағынан кемшілігі бар балалардың ата-аналарымен арнайы жұмыс жүргізе алады. Ата-аналар комитеті жұмысының жемісті болуының шарттары – оның мүшелерінің ата-аналар ұжымының алдында есеп беруі, оның іс-әрекетіне дем беру (алғыс хат, грамота, жұмыс тәжірибесін талдап қорыту және арнайы бюллетеньдер шығару арқылы), сынып жетекшісімен үздіксіз ынтымақтастық әрекет болып табылады.

Мектептің отбасымен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстар жүйесінде мектеп кеңестерінің қызмет-әрекеті ерекше орын алады, олардың қызметтері сан түрлі болып келеді. Олар ата-аналардың мектеппен байланысын нығайтуға, олардың педагогикалық сауаттылығын ұйымдастыруға ықпал етіп, кейбір отбасыларға тәрбие жұмысында көмек көрсетеді (көп балалы отбасыларға, жағдайы нашар отбасыларға). Кей мектептерде құрамына жергілікті әкімшілік өкілдері, кәсіпорын, фирма, мәдени-ағартушылық ұйымдар, мәдени ұлттық орталықтар басшылары кіретін қамқоршылық кеңестері қызмет етеді. Қамқоршылық кеңестері мектепке жөндеу және жабдықтау жұмыстарында, тілек-қалаулары бойынша клубтарды ұйымдастыруға, кәсіби бағыттарда, еңбекке орналасуда, мектеп бітірушілердің одан әрі білімін жалғастыруда демеушілік көмек көрсетеді. Мектеп пен

отбасының іс-әрекеттерінің ұйымдастырушылық-педагогикалық формаларына, сондай-ақ ата-аналар жиналыстары мен конференциялары жатады. Олар жалпы мектеп бойынша да, жеке сыныптар бойынша да өткізіледі. Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы немесе конференцияларда отбасы мен мектептің оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдірудің өзекті мәселелері талқыланады. Мектептегі ата-аналар жиналысы әдетте жылына 2-3 рет өткізіледі.

Бүгінгі таңда отбасымен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстың ең тікелей формасы жеке сынып оқушылары ата-аналарының жиналыстары болып табылады. Мұндай жиналыстарда сынып жетекшілері оқушылардың үлгерімі мен тәртібінің сынып өмірі жайлы, ұжым міндеттері туралы, т.б. ақпарат береді. Жиналыстар отбасы мен мектептің тәрбие жұмысында ортақ мақсаттарды анықтау үшін өте маңызды. Жиналыстарды оқушылармен бірігіп өткізген тиімді. Ата-аналар жиналысы әртүрлі болуы мүмкін: тақырыптық, жиналыс-практикумдар, қорытынды, тоқсандық, жылдық, топтық, әңгімелесу-жиналыстар, т.б. Жылына бір рет сынып немесе мектеп деңгейінде диагностикалық негізде ата-аналар жиналысын (немесе конференцияларды) өткізген дұрыс. Себебі бұл процестің жетекші (өзгермелі) сипаттары арқылы мектептегі және отбасындағы шынайы жағдайды анықтау үшін қажет.

Қазіргі кезде отбасында бала тәрбиесіне көмек көрсетудің ықпалды тәсілі – ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ұйымдастыру. Мектеп ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ата-аналар жиналысын, консультациялар, сұрақ-жауап кештерін, әкелер конференциясын, т.б. өткізу арқылы ұйымдастыруға тырысады. Бұл орайда, әрбір мектеп өз жағдайына, «Отбасы суреті» ерекшеліктеріне, оқушылардың тәрбиелілігіне сәйкес ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытудың нақты жүйесін жасайды. Көбінесе оқушылар ата-анасы мен бала тәрбиесін жақсартудағы педагогикалық консультациялар және практикалық кеңестер қолданылады.

Ата-аналарға отбасы тәрбиесін жақсарту мақсатында жеке көмек көрсетіп, ықпал жасай отырып, мұғалім педагогикалық әдептілік сақтау керек. Мұғалімдердің ата-аналарға оқушылардың мектептегі «жаман» тәртібіне шағымдануы әрқашанда теріс бағаға ие болады. Мұндай шағымданулардың еш нәтижесі болмайды, керісінше олардың тигізер зияны өте зор.

Ата-аналарға осындай педагогикалық білім беруімен қатар, мұғалімдер бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін күшейтуге көмектесетін практикалық сабақтарды ұйымдастыруға болады. Сондай-ақ, балаға тәрбие беру әлеуетін нығайту мақсатында, отбасына уақтылы көмек көрсету үшін ата-аналарға кеңес беруге болады [113, б. 53-54].

Жалпы ата-аналармен жұмыста мұғалім педагогикалық этиканы сақтау керек. Мұғалімнің ата-аналарға балаларының мектептегі тәртіпсіздігіне шағымдануы ешқашан жақсы нәтиже бермейді. Белгілі педагог А.С. Макаренко мұғалімдерді ата-аналарды мектепке шақыртудан балалар тәртібіне шағымданудан сақтандырған: «Кей ата-ана мұндай әңгімеден кейін

қолына қамшы алады, ал кейбіреулері болса еш нәрсе істемейді де, нәтижесінде барлығы бұрынғы қалпында қалады», - дейді [114, б. 214].

Ата-аналар оқушылардың оқу еңбегінің әртүрлі шараларын өткізуге қатыстырылады (пәндік тақырыптық кештер, танымдық ойын-сауық ойындар, үйірмелік сабақтар т.б.). Көптеген мектептерде «Ашық есік күндері» дәстүрге айналған, бұл күні ата-аналар сабақтарға қатысып, сабақтағы өз балаларын бақылауға, олардың белсенділік деңгейін және оқу материалын игеру тереңдігін бағалауға мүмкіндік беріледі. Олар бұл күні пәннің ерекшелігін ескере отырып, үй жұмысын қалай тәсілдерін игеру тиіс, осы пәнді игеруде қандай қиыншылықтар туындайды және оқушыға оларды жеңу үшін қалай көмектесу керек, т.б. өзекті мәселелерді шешуде көмек ала алады. Ата-аналарға отбасы тәрбиесінің тәжірибесімен алмасудың әртүрлі формалары ұсынылады.

Қазіргі кезде отбасын мектеп жұмысына тартудың нәтижелі формасының бірі «кіші педагогикалық кеңестер», мұнда ата-аналардың белсенді мүшелерімен бірігіп мұғалімдердің нақты бір сыныптың оқу-тәрбие үрдісінің әртүрлі мәселелері бойынша кеңестер өткізуге болады. Осылайша мектеп пен отбасының сынып жетекшісі арқылы реттелетін педагогикалық үдерістерінің арақатынасы мұғалім қызметінің диагностика негізінде қойылған міндеттерімен анықталады. Сынып жетекшісі қалыптастырған мақсат пен міндеттер оның оқушылар мен олардың отбасылармен әрі қарай жұмысының бағыттарын анықтайды [115].

Жалпы, біздің зерттеу нысанамызға алынған бастауыш мектеп жасы (6-7 жастан 10-11 жасқа дейін) – балалық шақтың шыңы. Бала үлкендерге төменнен жоғары көзқарасты, аңғалдық, жеңілтектік сияқты көптеген балалық қасиеттерді сақтайды. Бірақ ол қазір мінез-құлқындағы балалық ерекшелігін жоғалта бастайды, оның басқа ойлау логикасы пайда болады. Ол үшін оқу – маңызды іс болып табылады.

Мектепте ол жаңа білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар белгілі әлеуметтік мәртебеге ие болады. Баланың қызығушылықтары, құндылықтары, оның бүкіл өмір салты өзгереді.

Бір жағынан, ол мектеп жасына дейінгі бала сияқты, қозғалғыштығымен, мазасыздығымен, импульсивті мінез-құлқымен, зейінінің тұрақсыздығымен, жалпы еріксіздігімен, мінез-құлықтағы типологиялық қасиеттердің айқын көрінісімен ерекшеленеді.

Екінші жағынан, ол өзінің мақсаттарына, адамгершілік талаптары мен сезімдеріне сәйкес әрекет етуге мүмкіндік беретін қажеттіліктердің жаңа деңгейінің сипаттамалық қасиеттерін дамытады, құрдастарымен қарым-қатынаста талапшылдық пен таңдаушылық пайда болады, әлемге танымдық көзқарас дамиды, қабілеттер сараланады, оқушының ішкі ұстанымы қалыптасады.

Бастауыш мектеп жасы балаға адам қызметінің жаңа саласында – оқуда жаңа жетістіктерді уәде етеді. Бұл жаста бала дамудың әлеуметтік жағдайының объективті өзгеруіне байланысты даму дағдарысынан өтеді. Ол баланы қатаң нормаланған қарым-қатынас әлемімен таныстырады және одан



ұйымшылдықты, тәртіпке жауапты болуды, оқу іс-әрекетінде дағдыларды игеруге байланысты орындаушылық әрекеттерді дамытуды, сонымен қатар психикалық дамуды талап етеді. Сондықтан жаңа әлеуметтік жағдай баланың өмір сүру жағдайын қиындатады және ол үшін стресстік әрекет етеді.

Мектепке келген әрбір баланың психикалық шиеленісі артады. Бұл баланың дене жағдайына, денсаулығына ғана емес, мінез-құлқына да әсер етеді. Мектепке дейін баланың жеке ерекшеліктері оның табиғи дамуына кедергі бола алмады, өйткені оларды жақын адамдар қабылдап, ескерді.

Мектепте баланың өмір сүру жағдайын стандарттау жүреді, нәтижесінде дамудың алдын ала белгіленген жолынан көптеген ауытқулар анықталады. Бұл ауытқулар балалардың қорқынышының, ерік белсенділігінің негізін құрайды, депрессияны тудырады және т.б. Бала өзіне түскен сынақтарды жеңуге мәжбүр болады.

Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудегі қиындықтар, мүмкін көптеген ересектер оларды кішкентай бала ретінде қабылдайды, кез келген талапты орындауға дайын және олардан бағдарламаланған мінез-құлықты күтеді. Егер бұлай болмаса, ересектер таң қалады, абыржиды, ашуланады, қорқады және шарасыз қалады. Олардың уайымдарының сапасы күтулер мен шындық арасындағы сәйкессіздік дәрежесімен анықталады. Бұған қоса ересектерді тәуелділік пен баланың ішкі әлемінің қарапайымдылығы адастырады. Педагогикалық жұмысын жеңілдету үшін ересектер көбінесе балалармен қарым-қатынас сипатын да, олардың психикалық өмірін де жеңілдетеді.

Бастауыш мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің шынайы қиындығы кері байланыстың болмауы болып табылады. Яғни, балалар әділетсіздікке, сынға, қатаң бақылауға және шамадан тыс қорғаншылыққа қалай жауап беру керектігін білмейді; оларды не ренжітетінін, олардың жақсы оқуына және құрдастарымен достасуына не кедергі келтіретінін қалай түсіндіруге болады.

Әрине, жеке рефлексиясы жоғары, олармен не болып жатқанын талдай алатын және бұл туралы сөйлесе алатын балалар бар. Бірақ олар өздерінің жасына тән емес, дамуда құрдастарынан озады.

Бастауыш мектеп жасындағы баланың ішкі әлемінің басты ерекшелігі – ол әлі өз уайымының мазмұны туралы аз біледі. Бала көбінесе үйдегі және мектептегі қиындықтарға өткір эмоционалды реакциялармен, яғни ашумен, қорқынышпен немесе басқа да әсерлерімен жауап береді.

Мектептегі бейімделе алмау құбылыстары көбінесе температураның жоғарылауына, күндізгі энурезге және құсуға әкеледі. Отбасылық жанжалдар балалардың жылауықтығына, зейінінің бұзылуына және түнгі энурезге әкеледі.

Жалпы, 6-9 жастағы бала өзінің реакциясын әртүрлі себептермен әлі толық байланыстыра алмайды. Бұл туралы одан сұраудың пайдасы жоқ. Ата-аналар мен мұғалімдер психологпен бірге баланың проблемаларына, оның ойына енуі үшін арнайы жұмыс қажет. Бастауыш мектеп жасындағы балалар

өздеріне неғұрлым күрделі құбылыстарды ашады, оларды жарқын сезінеді және өз уайымдарына саналы түрде қарай бастайды.

Бастауыш мектеп жасында бала неліктен және не үшін сезінетінін жеткілікті түрде өзіне есеп бере алады, өз сезімдерін білдіруге тырысады. Яғни, кіші оқушылардан айырмашылығы, өзіндік құндылықтар мен нормалар жүйесін дамытады және ол оларды ұсынудың жолдарын табады. Ол өзінің қажеттіліктері мен мотивтерінде анықталған, өз қалауы бойынша әрекет ету құқығын қорғау үшін ересектермен қарсыласуға дайын.

Кіші сыныптағы оқушының дербестігі енді ғана қалыптаса бастайды. Ол әлі де өзі не қалайтынын, ересектер одан не қалайтынын ажырата бермейді. Оған өзінің ниетін оған қойылған талаптан ажырату қиын. Тіпті ең нәзік зерттеуші де балалардың өзінен не келетінін, не берілгенін ажырата алмайды. Тәжірибелі психолог үшін баланың пікірі мен бағалауында өз дауысын есту қиын.

Баланың проблемаларын тек оның толық өмірлік жағдайларынан, байланыстары мен қарым-қатынастарынан түсінуге болады. Оған көмектесу үшін тәжірибелі психолог оның дамуының толық бейнесін көруі, оны отбасы мен мектептегі жағдаймен, оның жеке басының және мінезінің ерекшеліктерімен байланыстыруы қажет.

Мектеп оқушыларын тәрбиелеудегі қиындықтардың негізгі себептері – отбасындағы дұрыс емес қарым-қатынаста, мектептің қателігінде, жолдастарынан оқшаулануда, жалпы қоршаған ортаға бейімделуде, шағын топта өзін қалай болса да кез келген жағдайда көрсетуге ұмтылуда. Көбінесе бұл себептердің жиынтығы, кешенді әрекет етеді. Шынында да, оқушының отбасылық қиындықтарға байланысты жақсы оқымауы жиі кездеседі, бұл мұғалімдер мен сыныптастарының оған немқұрайлы қарауына әкеледі. Мұндай жағдай осындай оқушының санасы мен мінез-құлқында ең қалаусыз өзгерістерге әкеледі.

Бастауыш мектеп – бұл балалар өміріндегі маңызды кезең. Олар алатын негіз әр түрлі факторларға байланысты:

- Мектепке дайындық;
- Мұғалімнің кәсіби шеберлігі;
- Үрдіске ата-аналардың қатысуы;
- Баланың мотивациясы мен қабілеттері.

Бастауыш сынып оқушысы төрт жыл білім негізін алу үшін ғана емес, сонымен қатар ата-анасы оның істеп жатқан ісіне жауапкершілік сезімін дамытуға көмектесу үшін беріледі.

Бастауыш сынып жасында, әсіресе мектептің алғашқы айларында, психологтар балалар үшін де, ата-аналар үшін де қиын және стресстік кезең деп таниды. Балаларды мектепке баратын жаңа өмірге бейімдеу – мектепте оқудың басталуының негізгі мәселелерінің бірі. Бірінші сыныпта оқитын балаға баға қойылмай, үй тапсырмасы берілмесе де, ата-ана баланың мектептегі алғашқы қуанышының артта қалғанын және оның оқуға қанағаттанбай бастағанын сезуі мүмкін.

Мұны білім беру ұйымына барудан тікелей бас тартудан немесе мектепке дейінгі балалық шақта тастап кеткен сияқты әрекеттерге қайта оралу, ал кейбір жағдайларда баланың ауруы немесе жалпы дене әлсіздігі сияқты ауыр зардаптармен көрінуі мүмкін.

Мұндай көріністің негізгі себептерінің ішінде психологтар балаға педагогикалық немқұрайлылық, тұрмыс жағдайы мен тәрбиенің нашарлығы, баланың жеке бас ерекшелігі, тәрбиенің тым қатал және нормативті стилі және басқа психо-зақымдаушы факторлар сияқтыларын атап көрсетеді.

Баланың дамуының жаңа жағдайында мақсатты, жүйелі жұмысқа баланың психологиялық дайындықсыздығы мектептегі үлгермеушіліктің негізгі алғышарты болуы мүмкін. Айта кету керек, жақсы оқи және санай алатын бала да мектеп ұжымына және мектептегі білім беру жүйесіне тән жаңа қарым-қатынас жағдайына байланысты күрделі қиындықтарды бастан кешіруі мүмкін.

Психологтардың пікірінше, білім берудің бастапқы кезеңінде ата-аналар баламен сабақта қандай тақырыптарды өткенін емес, оның сыныптастарымен және мұғаліммен қарым-қатынасын көбірек талқылауы керек.

Бала, әсіресе, егер ол балабақшаға бармаған болса, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі тәрбиелеуді талап ететін өздігінен білім алу органикалық түрде енуді айтпай-ақ, әлі де құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас орнатуға жеткілікті тәжірибе мен психологиялық құралдар жиынтығына ие бола алмайды. Тіпті жақсы тырысатын балада да жаңа іс-әрекет түріне бейімделудің ұзақ кезеңі байқалуы мүмкін.

Психологтар келесі статистиканы келтіреді: бірінші сынып оқушыларының 50-60%-ы мектептің алғашқы бір-екі айында тез бейімделеді, оқушылардың 30%-ы осыған алты айды жұмсайды, бірінші сынып оқушыларының 10-15%-ы мектепке бейімделуде бір жыл бойы күрделі қиындықтарға тап болады. Баланың жасына немесе жеке психологиялық ерекшеліктеріне байланысты жаңа жағдайларға үйрену қиын екенін көрсететін бұл қалыпты сандар, ата-ананың дұрыс мінез-құлқын және белгілі бір шыдамдылықты қажет етеді.

Ерекше қиын жағдайларда ата-аналар мен балаларға туындаған мәселені қалай жеңуге болатыны туралы кеңес бере алатын маманнан, балалар психологынан көмек сұраған дұрыс.

Мектепте оқудың басталуы баланың мектептегі жетілуін болжайды, яғни ол дене және интеллектуалды дамудың белгілі бір деңгейіне, сонымен қатар әлеуметтік бейімделуге қол жеткізуі керек, бұл оған дәстүрлі мектеп талаптарын орындауға мүмкіндік береді.

Оқушының мектеп кезеңінде дамуы мен жетілуін анықтау кезінде дәрігерлер мен мұғалімдер ең алдымен бойды, дене салмағын және интеллектісін бағалайды. Алайда, мектепте жетілуін бағалау кезінде баланың әлеуметтік-психологиялық дайындығын ескеру қажет. Өкінішке орай, әлеуметтік жетілуге жеткілікті көңіл бөлінбейді, оны бағалау да қиын. Нәтижесінде, үй тапсырмасын орындаудан гөрі, ойнағанды жақсы көретін балалар мектепке көптеп түседі.

Олардың жұмыс қабілеттілігі төмен, зейіні әлі тұрақсыз, олар мұғалім ұсынған тапсырмаларды нашар орындайды, тіпті мектептегі тәртіпті сақтай алмайды.

Когнитивті теориялар танымдық саланың дамуын бірінші орынға қояды және олар жеке тұлғаның басқа салаларының дамуын интеллект дамуының ерекшеліктерімен түсіндіруге тырысады. Алайда, баланың интеллектуалды дамуы теориясын жасаушы Дж. Пиаженің айтуынша, адамгершілік даму психикалық дамумен қатар жүреді, бірақ бәрібір басқаша және баланың айналасындағы адамдармен және заттармен қарым-қатынас тәжірибесіне байланысты.

Үлгерімі төмен және мазасыз балалар сыныпта жат болады. Бұл жағдай көбінесе мектепке деген наразылық пен өшпенділікке әкеледі. Мұндай балалардағы оқу үлгерімі олардың шамасынан жиі төмендейді, ал мінез-құлықында агрессия көріністері пайда болуы мүмкін.

Жағдай ата-ананың үрейленіп, тіпті өз баласынан көңілі қалып, оны байқаусызда эмоционалды қолдаудан айырады, осындай мүмкін болатын теріс қылықтарымен қиындатуы мүмкін.

Мектепке әлеуметтік және психологиялық бейімделудің қиындықтары мен үйінде эмоционалды қауіпсіздіктің болмауы – балалардың жеке тұлғалық патологиялық дамуының әртүрлі нұсқаларына жол ашады. Кіші мектеп оқушылары жоғары эмоционалды жауаптылықпен ерекшеленеді және оларда қозғалыс қажеттілігі жоғары дамыған. Егер бұл қажеттілікті қанағаттандыру мүмкін болмаса, баланың зейіні нашарлайды, тез шаршайды. Дәл осы себептен үзілісте балалар жүгіреді, төбелеседі және айқайлайды.

Холерик темпераменті бар балалар мектепте ерекше қиындықтарға тап болады, олардың ерекшеліктері онтогенездің сыни кезеңдерінде айқын көрінеді. Жоғары қозғыштық, мазасыздық және қозғалыстың тежелуі басқа да себептерге байланысты болуы мүмкін. Қалай болғанда да, мұндай балалар ата-анасының, мұғалімдер мен дәрігерлердің мұқият қарым-қатынасын қажет етеді.

Бастауыш мектеп оқушыларының ерікті белсенділігі негізінен сырттан ынталандыруға негізделгенін есте сақтау керек, олар әлі де жеткілікті ұстамдылық пен ұйымшылдықты көрсете алмайды, сондықтан оларға ересектердің үнемі бақылауы қажет. Оқу әрекетін меңгерудегі қиындықтардың тағы бір типтік себебі – баланың интеллектісінің немесе оның жеке аспектілерінің жеткіліксіз қалыптасуы. Мұндай балаларда есте сақтаудың, зейіннің, ойлаудың, сөйлеудің немесе психикалық процестердің динамикасының жеңіл бұзылулары болады. Мұндай бұзылулар психикалық дамудың әр түрлі тежелуінде болады. Олар туылған кездегі жарақат, балада болған мидың шайқалуы немесе ауыр аурудың салдары болуы мүмкін. Бұл балаларға тек педагогикалық көмек қана қажет емес (кейбір жағдайларда олар арнайы жасалған жағдайда – «деңгейлеу» сабақтарында оқытуды қажет етеді), сонымен қатар мектеп дәрігерінің бақылауында болуы керек.

Баланың ақыл-ой белсенділігін қалыптастыруда әлеуметтік факторлар да маңызды рөл атқарады. Мысалы, педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған

балалардың ата-аналарының білім деңгейі төмен, алкогольді ішімдік ішеді немесе бір-бірімен ұрсысады және баланы тәрбиелемейді, білім қоржыны өте кедей, мектепке дайын емес болып шығады, сондықтан оқу қиындықтарына тап болады.

Екінші сыныптан бастап балалар ұжымы қалыптаса бастайды, енді балаларға өздерінің жолдастарының алдында ересектердің айтқан сөздері ауыр тие бастайды, өйткені олар үшін құрбыларының пікірі өте маңызды болады. «Көшбасшылар» мен «шеттетілгендер» ерекшелене бастайды, балалардың қарым-қатынасы өзгереді.

Кейбір жағдайларда құрдастарымен және ересектермен тұлғааралық қарым-қатынас мәселелері кейбір балаларда бірінші орынға шығады және талдау мен түзетуді қажет етеді. Мұндай балалардың ата-аналары олар туралы «бала ешкіммен араласпайды», «оның достары жоқ», «мектепте мазақ қылады», «мұғалім менің баламды түсінбейді» және т.б. жиі айтады.

Тәрбиелеуі қиын деп қалыпты педагогикалық іс-шаралар кезінде құрдастар ұжымымен бірікпейтін, сонымен қатар нашар оқитын балаларды айтады. Олар жылдар бойы арнайы педагогикалық әсерді қажет етеді, бірақ бұл жағдайда да табысқа жету мүмкіндігі онша жоғары емес. Қиын тәрбиеленушілік бірнеше себептерге байланысты болуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда бұл тұқым қуалайтын абсолютті эмоционалды салқындық, ол кейде отбасындағы атмосфераны анықтайтын, кем дегенде, ата-аналардың бірінің эмоционалды жауапсыздығымен осындай мінез-құлықты көрсете алады. Екінші ата-ана да тым эмоционалды емес деп болжауға болады, әйтпесе олардың бірге өмір сүруі екіталай еді. Көбінесе бұл кәсіби қызметке бағытталған, сырттай реттелген отбасылық қарым-қатынастағы адамдар қатарына табылады.

Бастауыш мектеп жасында ерте пайда болған теріс қылықтар тиісті жағдайларда жергілікті жабық мінез-құлық кешендеріне (эгоизм, алдау, агрессивтілік және т.б.) айналуы мүмкін. Болашақта бұл кешендер тұлғаның жағымсыз бағдарланған құрылымдарының негізіне айналуы мүмкін (бағыттылық, өзін-өзі ұғыну және т.б.).

Бастауыш мектеп оқушысында 7 жастан 9 жасқа дейін созылатын екінші сыни жас кезеңі байқалады.

Бастауыш сыныптарда ерекше мінезді балалар көп көңіл бөлуді қажет етеді. Бұл жеке тұлғалық қасиеттерінің ерекше өткірлігі бар, олардың көрінісі олардың мінез-құлқының ерекшеліктерін анықтайтын сау және психикалық қалыпты балалар (А.Е. Личко, К. Леонхард, В.Г. Степанов және т.б.). Бұл топқа педанттық, өзін көрсетуге тырысатын, қозғыш, мазасыз және гипертимиялық балалар кіреді. Біз зерттеу нысанамызға сәйкес жеткілікті, орта, төмен деңгейлерді негізге аламыз.

*Жеткілікті* – тұлғаның отбасында үйлесімді дамуына жағдайлар жасалған. Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті жоғары, мектеп пен үнемі ынтымақтастықта болып, баланың бақылауын мұғаліммен біргелікте бақылап отырады.

